

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Ж. М. Қасымбекке

2019 жылғы 8 мамырда  
жарияланды

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Жеңіс Махмұдұлы!

Елімізде мемлекеттік бюджет есебінен салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үйлер мен басқа да әлеуметтік мәндегі ғимараттардың сапасының төмендігі жайлы сыни ескертпелер әлі де жиі айтылып жүр.

Құрылыс саласындағы өрескел кемшіліктердің бір мысалы ретінде Шығыс Қазақстан облысындағы Семей қаласының мемлекеттік медицина университетінің 1000 орындық студенттер жатақханасын айтуға болады. **Республикалық бюджеттен бөлінген 2 миллиард 246 миллион теңгеге жуық қаржыға 2014 жылдан бастап салынған объект 5 жылдың ішінде бітпей, қазір ондағы құрылыс жұмыстары тоқтап тұр.** Себебі осы құрылысты жүргізген мердігердің – Алматы қаласының екінші санаттағы құрылыс ұйымының мұндай ірі объектіні салу тәжірибесі де, қажетті материалдық-техникалық базасы да болмаған. Сондықтан да осындай құрылыс ұйымына екінші санат берілгендігінің негізділігі күмән туғызады. Оның басшысы Алматыдан Семейге тек өзі ғана келіп, құрылысшыларды жергілікті жұмыссыздардың арасынан жалдаған, қажетті техниканы да семейліктерден жалға алған. Алайда, мердігер маңызды объектінің құрылысын жүргізе алмағандықтан, тапсырыс беруші оның үстінен сотқа шағым түсірген. Сот процесі ұзаққа созылып, ақыры 2018 жылғы 26 қарашада Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты университет пен құрылыс ұйымы арасындағы мердігерлік шарт заңды күшін жойды деп таныған.

Денсаулық сақтау министрлігінің бізге хабарлауынша, қазіргі уақытта университет «сақалды» объектіні консервациялап, өткен бес жыл ішінде құрылыс материалдарының бағасы қымбаттауына байланысты жобалау-сметалық құжаттаманы қайта қарау үстінде. Жобалау аяқталғаннан кейін құрылыс-монтаждау

жұмыстарын жүзеге асыру үшін қосымша қаржы бөлу және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жаңа мердігер ұйымды тарту қажет. Жатақхананы пайдалануға беру 2020 жылға жоспарланып отыр. Ал Семей қаласының мемлекеттік медициналық университетінде қазіргі таңда білім алып жүрген 4 мыңнан астам студент жатақхана жетіспегендіктен, пәтер жалдауға мәжбүр.

Құрылыс саласындағы осыған ұқсас сорақылықтарды болдырмау мақсатында мамандар тек бірінші санатты құрылыс ұйымдарына ғана ірі объектілерді салуға рұқсат беру қажет деп санайды. Бұған қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заң мүмкіндік береді. Онда:

«I санат – қолда бар лицензиясы шеңберінде барлық жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті жүзеге асырады;

II санат – екінші және үшінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде қызметті, сондай-ақ қосалқы мердігерлік шарттары бойынша қолда бар лицензиясы шеңберінде бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде жұмыстарды жүзеге асырады», -деп көрсетілген.

Алайда, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде **ірі объектілердің бәрі бірдей бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіне жатқызылмаған**. Атап айтқанда, Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларында **биіктігі 25 қабаттан аспайтын тұрғын үйлер, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының, мектептердің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, мектеп-интернаттарының жатын корпустарының, балаларға арналған демалу лагерлерінің ғимараттары, әкімшілік-тұрмыстық, қоғамдық ғимараттар, бір мезгілде 1200-ге дейін адам бара алатын сауда-ойын-сауық объектілері, ауысымына 480-ге дейін адам қабылдайтын стационары жоқ денсаулық сақтау объектілері екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіндегі объектілерге жатқызылған**. Міне, осындай жауапкершілік деңгейіне жатқызылған объектілердің ішінде мал шаруашылығы кешендері, бордақылау алаңдары, құс фермалары, жылыжай кешендері, құрама жем заводтары мен цехтар, элеваторлар мен астық қоймалары, сүт қабылдау және дайындау пункттері, жайылымдарды суландыру жүйесі сияқты объектілер де бар. Ал екінші (қалыпты) жауапкершілік деңгейіне жатқызылған барлық объектілерді салуға екінші санаттағы құрылыс ұйымдары да тартылып жүр. **Адамдардың қауіпсіздігі тұрғысынан қарағанда, мұндай көзқараспен келісу қиын. Айталық, 25 қабатты тұрғын үй мен мал бордақылау алаңын салу жауапкершілігі бірдей болғаны ма?!**

Бұған қоса, салынатын әлеуметтік объектілердің аумағын көріктендіру жөніндегі конкурстар көбінесе кеш жарияланатындықтан, оларды пайдалануға беру мерзімі ұзаққа созылып кететіндігі жасырын емес. Бұдан мердігерлер қиындық көріп жүр.

Жоғарыда баяндалған жайлардың негізінде Сіздің қарауыңызға төмендегі ұсыныстарды енгіземіз:

1. Адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тұрғын үйлер мен әлеуметтік сала объектілері құрылысының сапасын арттыру мақсатында Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларында

айқындалған бірінші (жоғары) жауапкершілік деңгейіндегі объектілер тізбесіне барлық көп пәтерлі тұрғын үйлер мен әлеуметтік сала объектілерін енгізу мәселесін қарастыру қажет. Мұның өзі, сондай-ақ, бірінші санаттағы құрылыс ұйымдарының саны көбеюіне ынталандырушы фактор болары да сөзсіз;

2. Құрылыс ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарын күшейте отырып, оларды лицензиялау, соның ішінде бірінші және екінші санаттарды беру тәртібін барынша жетілдіру қажет. Бұл процестің ашықтығын және оған мүдделі кәсіби және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің кеңінен қатысуын қамтамасыз еткен жөн;

3. Жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын объектілердің құрылысын уақтылы аяқтау мақсатында олардың құрылысы мен аумағын көріктендіру жұмыстарын жүргізу бойынша конкурстарды бір мезгілде өткізуді тапсырған жөн.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық Заңының 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен,  
депутаттар,  
«Nur Otan» партиясы  
Фракциясының мүшелері

**К. Мұсырман**  
**З. Аманжолова**  
**Ә. Бектұрғанов**

Орынд.: А. Канафина  
Тел.: 74-62-21